

7 - ДӘРІС



**Стандарттаудың заңнамалық
және нормативтік негізі**

Негізгі қарастырылатын мәселелер:

- **ҚР стандарттаудың құқықтың негізі**
- **Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары**
- **Стандарттау мақсаты**
- **Стандарттау бойынша нормативті-құқықтық құжаттар**
- **Стандарт түрлері**
- **Стандарттарды жасау реті**
- **стандарттау жүйесінің ұйымдастыру құрылымы**

ҚР стандарттаудың құқықтың негізі

1993 ж. «Сертификаттау және стандарттау туралы» ҚР заңында бекітілді

1998 жылы «Стандарттау және серификаттау туралы заң» Қазақстанның өркендеуіне және нарықтық-реформаның жүруіне байланысты қайта қаралып, ҚР «Стандарттау туралы» жаңа заң қабылданды

2003 жылы 10 маусымда өзгертіліп толықтырылды.

2004 жылдың 9 қарашасында бекітілген ҚР «Техникалық реттеу туралы» Заңымен Қазақстанда стандарттаудың құқықтық негізі тағайындалған.

Заңның ережелерін мемлекеттік басқару органдары, меншігіне қарамастын шаруашылық іс-әрекет субъектілері және қоғамдық ұйымдар орындауға міндетті.

Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары

- 1) өнімнің, көрсетілетін қызметтің, процестердің адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта, соның ішінде жануарлар мен өсімдіктер дүниесі үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) өнімнің, көрсетілетін қызметтің қауіпсіздігіне қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын іс-әрекеттердің алдын алу;
- 4) саудадағы техникалық кедергілерді жою;
- 5) өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Стандарттау

- ▣ **Стандарттау** – нақты қойылып отырған және ықтимал міндеттерге қатысты көпшілікке ортақ, көп мәрте және ерікті пайдалану үшін ережелер белгілеу арқылы өнімге, көрсетілетін қызметке және процестерге қойылатын талаптарды ретке келтірудің оңтайлы деңгейіне қол жеткізуге бағытталған қызмет

Стандарттау

- **Стандарттау объектілері** – өнім, өндіріс, үрдіс, қызмет және олар үшін талаптар, сипаттамалар, параметрлер, ережелер, әдістер
- **Стандарттау саласы** – өзара байланысты стандарттау объектілерінің жиынтығы
- **Стандарттау деңгейлері:**
 - 1. Халықаралық;
 - 2. Өңірлік;
 - 3. Ұлттық;
 - 4. Әкімшілік-аумақтық

Стандарттау мақсаты

- **Стандарттау мақсаты-** қызмет бағытын жетілдіру шарттарын белгілеу, нормалау, ережелену, сипаттау, орындауды міндетті және ұсынылатын, белгілі бір бағаға сәйкес келетін сапасы бар тауарды тұтынушы сатып алу құқын қамтамасыз ету, сонымен бірге қауіпсіздік және еңбектің талапқа сай болу құқығын қамтамасыз ету.

Стандарттау бойынша нормативті-құқықтық құжаттар

- **Стандарттау жөніндегі нормативтік құжат** - стандарттау жөніндегі қызметтің әр түріне немесе оның нәтижелеріне қатысты нормаларды, ережелерді, сипаттамаларды, принциптерді белгілейтін құжат
- **Техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіші** техникалық-экономикалық ақпарат объектілерінің жіктеу топтарының кодтары мен атауларының жүйеленген жиынтығын білдіретін құжат

Стандарттау бойынша нормативті-құқықтық құжаттар

- **Техникалық регламент (Р)** – бұл орындалуға міндетті ережеден тұратын құжат
- **Стандарт** - уәкілетті орган көздеген тәртіппен бекітілген, көп мәрте және ерікті пайдалану мақсатында техникалық реттеу объектілеріне ережелерді, жалпы принциптер мен сипаттамаларды белгілейтін құжат

Стандарт түрлері

- 1) **Негіз қалаушы** стандарттарды ғылым, техника және өндірістің түрлі саласындағы іс-әрекеттің өзара байланысы және техникалық бірыңғайлығын қамтамасыз ету мақсатымен дайындайды.
- 2) **Өнім, қызмет** стандарты өнімнің, қызметтің нақты бір түріне немесе біртекті өнімдер, қызметтер топтарына қойылатын талаптарды бекітеді.

Стандарттар түрлері

- 3) **Жұмыс, процес** стандарттары өнімнің өмірлік циклының түрлі кезеңдерінде жүргізілетін нақты жұмыс түрлеріне қойылатын талаптарын тағайындайды..
- 4) **Бақылау, сынау, талдау әдістері** стандарттары өнім стандартында берілген міндетті талаптарды жанжақты және толығымен бағалауды қамтамасыз ететін бақылау әдістемесін қолдануды ұсынады.

НҚ талаптарының сипаттамалары

- НҚ талаптарының сипаттамалары: заңнамаға (техникалық регламентке) сәйкес орындалуға **міндетті талаптар, альтернативтік талаптар мен ережелер.**
- Шетел тәжірибесінде стандарт талаптары жалпы заңмен міндетті орындалуға талап етіледі, немесе, егер ол стандартқа **техникалық регламентте** немесе **Директивада** сілтеме болса.

Стандарттарды жасау реті

Техникалық комитеттің жұмысы стандартты жасауға өтінім алудан басталады.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, ғылыми-техникалық қоғамдар, кәсіпорындар, фирмалар, кәсіпкерлер өздерінің тіркелген стандарттау объектілеріне сәйкес ТК өтінімдерін береді.


Өтінімде нормативтік құжатты жасау қажеттілігінің негіздемесі болуы тиіс, немесе бұрын жасалған стандарт жобасында қоса беруге болады.

Өтінімдер негізінде ҚР Мемстандарты Қазақстанның стандарттау бойынша мемлекеттік жылдық жоспарын құрады.

Стандарт жасау жұмыстары 6

кезеңнен тұрады

- 1) стандартты жасау жұмыстарын ұйымдастыру және техникалық тапсырма құру (жасаушы ұйым немесе ТК);
- 2) стандарт жобасын жасау және оны пікірге жіберу;
- 3) пікірлерді талдау және соңғы нұсқасын жасау;
- 4) стандартты дайындау, ұсыну және бекітуге ҚР Мемстандартына жіберу;
- 5) Қарастыру, бекіту және тіркеу, Мемстандартта қарастырылады, бекітіледі және тіркеледі;
- 6) Стандартты басып шығару.



ҚР «Техникалық реттеу туралы» заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың ҚР техникалық реттеу саласындағы заңнамасын сақтамағаны үшін жауаптылығы.

Өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық реттеу саласындағы НҚА белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі салдарынан азаматтың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне не заңды тұлғаның мүлкіне келтірілген зиян ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге тиіс.

Жеке және заңды тұлғалар (дайындаушы, орындаушы, сатушы)

- 1) нарықта өткізілетін өнімнің, көрсетілетін қызметтің қауіпсіздігі үшін;
- 2) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзғаны үшін;
- 3) Заңда көзделген мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органның нұсқамалары мен шешімдерін орындамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес **жауапты** болады.

ҚР Мемлекеттік стандарттау жүйесінің ұйымдастыру құрылымы

- 1) Территориялық бөлімдер мен ведомствалық ұйымдарда стандарттау, метрология және сертификаттау бойынша өкілеттік ұйымы;
- 2) Стандарттау саласындағы олардың құзыреттілігі шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару ұйымы;
- 3) Стандарттау бойынша сарапшы-аудиторлар, техникалық комитеттер, жеке және заңды тұлғалар;
- 4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қоры.